


АСТАНА EXPO-2017








EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

Ехро -2017 көрмесі жайында айтып кететін болсам


Кезекті «Экспо-2017» халықаралық көрмесін өткізу мәртебесі Қазақстанымыздың елордасы Астана қаласына бұйырғаны баршамызға мәлім. 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен Халықаралық Көрмелер Бюросынің (ХКБ-нің) ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды.



Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша ХКБ-ның 103 мүше-
мемлекеті Астана қаласына дауыс берсе, біздің бәсекелесіміз
бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинаған. Біздің елдің
ұйымдастырушыларының тарапынан ұсынылған Future Energy,
яғни Болашақ қуаты тақырыбы сарапшылардың көпшілігінің
көңілінен шығып, «Экспо-2017» халықаралық көрмесінің тақырыбы
ретінде қолдау тапты. Қазақстан тарапынан
барған ұйымдастырушылар Астанада өткізілетін «ЭКСПО-2017»
көрмесінің басты тақырыбы ретінде «Болашақтың энергиясы»
атты тақырыпты ұсыну себебі, ол ең алдымен, баламалы энергия
көздерін дамытуды қоса алғанда, энергетикадағы сапалы өзгерістер
жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге
бағытталғандығы болып табылды.




«Болашақ энергиясы» жобасының түпкі ойы тұрақты қуат көздерін басқаруды қамтамасыз ететін шешімдер мен әдістерге қоғамдастық назарын аудару болып табылады. Бұл әдістер ауа-райы өзгеруімен және көмірқышқыл газының шығарылуымен күресуге; балама қуат көздерін пайдалануға ынталандыруға бағытталған, оның ішінде қалпына келтірілетін қуат көздерін пайдалану және энерготімділік жөніндегі бағдарламаларды енгізу; энергиямен қамту сенімділігін қамтамасыз ету; энергияны өндіру, сақтау және пайдалануды басқару; және тұрақты қуат көздеріне жалпы қол жетімділікті қамтамасыз ету.







EXPO 2017
Future Energy
Astana, Kazakhstan

«Нұр Әлем» павильоны




Астана ЭКСПО-2017 Көрмесінің архитектуралық символы саналатын Көрме кешенінің орталық элементі – «Нұр Әлем». Бұл әлемдегі ең үлкен сфералық ғимараттың диаметрі 80 метр, ал биіктігі 100 метр. Ғимараттың 1 қабатында Қазақстан павильоны орналасқан. Мұнда келушілер елдің тарихы, мәдениеті, дәстүрі, көрікті жерлері, сондай-ақ Қазақстанның соңғы жетістіктерімен таныса алады. Сфераның ішінде **Болашақ музейі** орналасқан. Бұл жай ғана музей емес, Нұр Әлем Көрмеден кейін инновациялық хаб және маңызды зерттеу әрі мәдени орталыққа айналуы тиіс. Болашақ музейінің 2-8 қабаттарындағы цифрлық, мультимедиалық және интерактивті технологиялар экспозициялық кеңістікті қабылдау мүмкіндіктерін кеңейтетін жағдай жасайды. Мұнда энергияның негізгі түрлері ұсынылған: ғарыш, күн, биомасса, жел, су және кинетика. Лифт арқылы ғимараттың жоғарғы бөлігіндегі шолу алаңына көтеріліп, бұл жерден бүкіл ЭКСПО ауданына тамаша көрініс ашылады. Ал кіреберістің алдында Көрменің Басты алаңы орналасқан.


















Үздік тәжірибелер Аймағы (eVра) – тұрақты энергетиканың әртүрлі салаларында: электр қуатын өндіру, сақтау және қолдану, ауа райының өзгеруімен күрес, немесе дамып жатқан елдерде электр энергиясына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша үздік технологиялар, жобалар мен стратегиялары ұсынылған ЭКСПО-2017 көрмесінің символикалық орталығы.

Жаһандық питч шеңберінде Назарбаев университетінің президенті Шигео Катсу басқаруымен Халықаралық Комитет жүзден астам өтінімнің ішінен 13 елдің 24 жобасын іріктеп алған.

Павильон алты тақырыптық аймаққа бөлінген және Энергия ағыны (Energy Stream) – импульсивті жарық инсталляциясымен біріктірілген







Экспо мұражайында жиналған бүкіл 166 жылдық тарихы бар экспонаттар — бұл ғажайып және технологиялық прогресс кезеңдеріндегі уақыт саяхаты. ЭКСПО-ның дәстүрлі бастауы 1851 жылы Лондон қаласында өткен Халықаралық көрмесі болды. Ол Гайд саябағында өтті және оның негізгі тартуы темір мен шыныдан жасалған хрустальды сарай болды. 1889 жылғы Парижде өткен Дүниежүзілік көрме Францияға өзінің символын сыйлыққа берді — ол Эйфель мұнарасы. Аталмыш көрмеде революциялық технологиялық инновациялар енгізілді. Олар: автомобиль, телефон, компьютер, IMAX, электрондық микроскоп.




2.Германия павильоны

Өнертапқыштардың ордасында айналған Германия павильонында «Smartstisk» атты электронды құрылғысы арқылы үш тілде толыққанды ақпарат ала аласыз. Мәселен, Астана қаласында шамамен 120 км қашықтықта ғана орналасқан Ерейментау жел паркінде 22 неміс жел диірмендері қазақ даласының желін электр қуатына айналдыруда. Жалпы, әлем бойынша жел энергетикасы саласында 670 000-нан астам адам жұмыс істеп, осы сан 2020 жылға дейін шамамен екі есеге артпақ. Сонымен қоса, мұнда лимузин, «Е формуласының» жарыс автомобилі және екі дөңгелекті электр жетекті көлік құралдары, қазіргі заманғы қуаттандыру жүйелері көрсетіледі. Одан кейін лазерлік шоу көрсетілімін тамашаладық. Онда біздің көрмеде жинаған ақпаратымыздың энергия шығыны белгілі болады. Көпшілік халық осы лазерлік шоуы арқылы Германия павильонына баруды ұсынды.



3.Ресей павильоны

Ресей павильонында кұдды бір Антрактидаға кіргендей сезімде боласыз. Себебі, павильон мұзжарғыштармен байланыстырылып жасалған. Ресей павилионының негізгі идеясы – Ресей арктикасының барлық минералды ресурстарын меңгеру. Бастапқы бөлігінде орнатылған "Лидер" мұзжарғышының қалыңдығы 4 метрді кұрайды. Екінші бөлімінде үлкен "Қызыл кеме" орнатылған. Бұл қызыл кеме жылжымалы атомдық станциясы деп аталады. Ол 20 мың қалашықты электр энергиясымен қамтиды. Ең соңғы бөлімі Артикадан әкелінген Айсберг. Қалыңдығы – 2,8 м, салмағы – 5 тонна. Көрменің соңына дейін тұратын Айсбергті кұру шеңберінде бірнеше тоңазытқыштар орнатылған.



4.Корей павильоны

Корей Республикасының павильонында әуелі жарты сағат уақытты құрайтын бейнеролик көрсетіледі. Онда Корей елінің танымал суретшісі **Ким Джонг Ги** туындысымен таныстырады. Көрмеге келушілер анимациялық әдіс және шынайы сахна арқылы энергияны қалай өндіруге болатыны жөнінде шағын қойылымды тамашалайды. Сахналаған көріністе жаңа энергияның қоршаған ортаға маңызды екенін де түсіндіреді. Бұл қойылым әдеттегіден ерекше болып, көпшіліктің көңілінен шығады.

Көрмеде қойылған сегіз ағашқа планшетті жақындатып, әр технологиядан хабар ала аласыз. Мәселен, Корей елі кез-келген ауа-райынан күн энергиясын еркін қолдана алады.




5. Франция павильоны

Франция павильоны негізінен үш тақырыпқа бөлінген. Олар: жаңғыртылған энергия көздері, ақылды қалалар, экомобильділік. Франция павильонына кіре берген сәтте ұшқыш әрі жазушы Антуан де Сен-Экзюперидің еңбегі жазылған тақтайшаларды көресіз. Одан әрі елдің болашақ технологиялар саласындағы озық жетістіктерге ие өнеркәсіптері ұсынылады. Энергетика саласында жетекші орынға ие болуды көздейтін Франция елі энергияны сақтау және түрлендіру үшін шағын және орта кәсіпорындар инновациялық шешімдерін әзірлеген. Жыл сайын 300 000 тұрғын үйлер мен ғимараттарды жылу энергиясымен қамтиды. Парижде және 83 қалада тұратын 6 млн тұрғындардың қоқыс қалдықтарын қабылдап, өңдейді. Осы мөлшер жылына 2 млн 300 мың тоннаны құрайды. Үшінші бөлігінде алғаш автомобильдің шығуы мен оның одан әрі қарай дамуы процестері жөнінде ақпараттар экран арқылы көрініп, таныстырылды.



6. Монако павильоны



Павильонның негізгі тақырыбы – адам мен табиғат қажеттіліктерінің өзара байланысы және олардың арасында жаңа тұрақты энергетика үлгісін орнықтыру. Монакода теңіз басты орын алғандықтан, теңіз әлемінің көріністеріне сай безендірілген. Павильон бойынша өтетін турдың аяғында Монако елінде кеңінен тараған жеңіл тамақтар мен италиялық эспрессо және өзге де кофе түрлері ұсынылды.



7.Сауд Арабия павильоны

Орнықты энергетиканы ұсынатын Сауд Арабия елінің көрмесі шағындау. Алғаш кірген кезде әдеттегідей бейнероликке көзіңіз түседі. Бейнеролик ел тарихынан басталып әдет-ғұрып, білім саласына дейінгі тақырыптармен жалғасады.

Бұл елдің басты мақсаты – 2023 жылға қалпына келтіретін энергияның 9,5 ГВт және таза энергияның 3,45 КВт дейін өндіру. Оны тұрақты теп-теңдікке жеткізу үшін атом энергетикасы бағдарламасын жүзеге асырып, газ өндіруді екі есеге арттырады. Осы секілді ақпараттардан кейін, ұлттық киімдерімен суретке түсе алады екенсіз. Көрме ішінде арнайы намазхана да бар.







ТАЙСКИЕ ИСКУССТВА И РЕМЕСЛА
Thai Arts & Craft

8. Үндістан павильоны

Үнді павильонында күн энергиясынан алынатын технологиялармен жабдықталған. Биологиялық және күн батареяларының макеттерінен бөлек, үнді елінде жасалынатын шай қоспаларының бірнеше түрі көрсетілген. Үнді павильонын жәрмеңкесіз елестету мүмкін емес. Сол себепті, павильонда көптеген ұлттық әшекейлер, киімдер және арнайы талисмандары сатылды.



9. Нидерланды павильоны

Бұл елдің павильоны басқалардан өзгешелеу. Көрменің ішінде ілінген тақтайшаларда ел экономикасы мен тұтынатын тауарлары жөнінде мәлімет көптеп берілген. Мәселен, Нидерланды еліне саяхат жасап келген адамның ең бірінші ойына жел диірмені еске түседі көрінеді. Өйткені, жел диірмені – танымал туристік орын болып табылады екен. Мұнымен қоса, Нидерланды нанотехнологияларды көп қолдануда әлем мойындаған көшбасшы мемлекет.



КЕЛЕШЕКТИҢ БЕ...

EXPO 2017
ASTANA
FUTURE ENERGY

Germany

Spain

The Netherlands

Low Land High Energy

The Netherlands
Нидерланды
Нидерланды

ИСПАНИЯ SPAIN
ENERGY FOR THE PLANET

ГРЕЦИЯ GREECE

ЛЮКСЕМБУРГ LUXEMBOURG

400

Тайланд павильоны

Жалпы, Тайланд павильоны үш бөлімнен тұрады. Оның басты мақсаты – энергия жасау арқылы табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Бірінші бөлімінде Қазақстандық актер Аян Өтепбергелдің Тайланд еліне саяхаты жөнінде бейнероликті тамашалай аласыз.

Ал, екінші бөлімі баламалы энергия. Яғни, бұл жерде сіз 3D форматында баламалы энергияның пайда болуы және оны қалай қорғауға болатыны жөнінде бейнеролик тамашалай аласыз.

Павильонның үшінші бөлімінде Тайланд халқының ұлттық көрмесі қойылған. Атап айтсақ, қолдан жасалған суреттер, түрлі-түске боялған қолшатырлар және аңдардың бейнесі бейнеленген мүсіндер де бар. Әр бөлімге барған кезде сіздің көңіл-күйіңізді көтеру үшін жүгерінің кейіпіне енген адамдарды. Тайланд павильонының талисманына айналған жүгерінің аты – паланк. «Паланк» Қытай тілінен аударғанда «күш-қуат» деген мағынаны білдіреді

